Ұйымдастырылған қызмет	<u>1.Сауат ашу негіздері</u> Міндеті: - Сөздерді дыбыстық талдау: «Кім зейінді?» Мақсаты:дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету. Балалардың, байқағыштық қасиеттерін дамыту. Д\О «Қандай зат,неше дыбыстан тұрады?» Мақсаты:Заттарды атау арқылы дыбыстарды ажырату <u>2.Сөйлеуді дамыту</u> Міндеті: -Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б- п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Д\Ойын «Сиқырлы қоржын»	<u>1.Математика негіздері</u> Міндеті: - саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару. Д\О: «Балықтарды теңестір» Мақсаты: теңдіктен теңсіздік шығару. «Біреуі артық» дидактикалық ойын № 5 Мақсаты: «Біреу – көп» ұғымын бекіту; ойлау қабілеттерін дамыту; заттарды топтастыра білуге үйрету. <u>2.Қазақ тілі</u> Міндеті: -Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту «Түтерді ажырат» Мақсаты: Трубочкалармен қағаздағы түстеріне қарай	<u>1.Сауат ашу негіздері</u> Міндеті: -сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау: Д\ойын «Сөз ойла ,тез ойла» Мақсаты:-дауыссыз дыбыстары бар сөздерді атау Д\О «Қандай суреттің бөлігі» Мақсаты: Суреттің қиылған бөлігін табу.Байқағыштық қасиетін дамыту <u>2.Математика негіздері</u> Міндеті: саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы	<u>1.Сауат ашу негіздері</u> Міндеті: -сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Ойын: «Серпілген доп» Мақсаты.Серпілген доп арқылы аталған заттың дыбысын анықтау <u>2. Қоршаған ортамен таныстыру</u> Міндеті: - Еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға үйрету Құрастыру (интеграция) Қыс мезгілін әртүрлі табиғи	<u>1.Математика негіздері</u> Міндеті: Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. Жеке жұмыс: « Бірдей заттарды нүктелер арқылы қос» «Екі қолмен жазу» Мақсаты: Нүктелерді, өрнектерді салуға үйрету <u>2.Көркем әдебиет</u> Міндеті: сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. Мақал-мәтелдер жаттау Мақсаты: мақал-мәтелдерді қолдануға баулу <u>3.Шығармашылық.</u> ыдыстарды құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіру.

	Мақсаты: к-қ дыбыстарын ажырату Д\Ойын «Дұрыспа» Мақсаты: <u>3. Қоршаған ортамен таныстыру</u> Міндеті: - Өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға үйрету Д\О «Дұрыс пен бұрыс пікір» Мақсаты: Басқалардың пікірін сыйлауға үйрету <u>Сурет салу</u> <u>«Ең жакын досым»</u> <u>суретін салу</u> <u>Мақаты: Досқа деген адалдыққа тәрбиелеу</u> <u>4. Дене шынықтыру</u> Міндеті: Жүгіру: кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру 1. «Кім жылдам» Мақсаты: Жүгіру, кедергілерден өту Қ\қ ойыны: « Ақ қоян » №3 Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу.	жинау. Дұрыс ішке қарай үрлеу <u>3. Көркем әдебиет</u> Міндеті: Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, Д\О «Қай мезгіл» Мақсаты. Мезгілдер туралы түсініктерін қалыптастыру <u>Жапсыру</u> Топтық жұмыс: «Қыс мезгілі» Мақсаты: Қыс мезгіліндегі құбылыстарды ажырата білу. <u>4. Музыка</u> Міндеті _шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату; -мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту; -әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Музыкалық аспаптарда ойнауға үйрету. <u>Музыкалық аспапта ойнау:</u> «Полюка» (А. Филиппенко). Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.	тендіктен теңсіздік шығару. «Сипап сезу арқылы санау» дидактикалық ойыны №6 Мақсаты: Сипай сезіп санау арқылы қарамай-ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету (артық, кем, тең); санау дағдыларын бекіту; салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу. <u>3. Сөйлеуді дамыту</u> Міндеті: -Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б- п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. «Кім не істейді?» (етістіктер) Ойынның мақсаты: Балаларға есімдерді дұрыс атауды үйрету, мамандықтардың атауларын бекіту. <u>4. Дене шынықтыру</u> Міндеті: Еңбектеу, өрмелеу: кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр) 1. Эстафеталық ойын Мақсаты: Еңбектеу, өрмелеу: кедергілер арасынан еңбектеуге үйрету	материалдардан құратыру Мақсаты: Еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылу <u>3. Музыка</u> Міндеті -шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату; -қолмен музыка бағытын (жоғары-төмен) көрсете отырып, әуеннің жоғарғы- төменгі қозғалысын ажырату, әнмен шеңберді айналып жүру; -ойын арқылы балаларды ұйымшылдыққа баулу. <u>4. Қазақ тілі</u> Міндеті: -қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Д\О: Ұ мен Ү Мақсаты: Ұ, Ү дыбыстарын тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.	-Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру (құрастыру) Негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау (сурет салу) Бақылаған заттың бейнесін бере білу (мүсіндеу) Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру (жапсыру) <u>«Менің ыдысым»</u> Мақсаты: Түрлі ыдыс-аңқ шаблондарын қайшымен қию, желіммен жапсыру, суретін салу, мүсіндеу <u>4. Дене шынықтыру</u> Міндеті: Еңбектеу, өрмелеу: кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); 1. Эстафеталық ойын Мақсаты: Еңбектеу, өрмелеу: кедергілер арасынан еңбектеуге үйрету
--	---	---	---	--	---

Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Жүйелі киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) - Сөйлеуді дамыту - Көркем әдебиет - Дене шынықтыру - Қоршаған ортамен таныстыру				
Серуен	Тірі табиғатқа бақылау - Табиғат екі түрге бөлінеді: тірі табиғат және өлі табиғат. Тірі табиғат – адам, өсімдік, жануарлар, жәндіктер. Ол – тіршілік көзі. Өседі, дамиды, қимылдайды. Өлі табиғат – тау, тас, құм, ауа, су. Бір орында тұрады, өніп, өспейді. Мақсаты: Балаларға өлі және тірі табиғат жайында ақпарат беру, ажырата білуге үйрету. Сұрақтар: - Табиғат неше түрге бөлінеді? - Шегіртке өлі табиғатқа жата ма, әлде, тірі табиғатқа жата ма? - Не себепті? Тақпақ, жұмбақтар, мақал-мәтелдер: Ат басты, арақар мүйізді, Бөрі кеуделі, бөкен санды. Ол не? (шегіртке) Қимылды ойын:№3.«Өз жұбыңды ізде» Ережесі: Балалар шенберде тұрады, ортада бір бала. Шенберде тұрған әр баланың өз жұбы болады. «Ізде!»	Фигус гүліне бақылау - Бөлмеде өсетін фикус гүлінің жапырағы жалпақ, адамның денсаулығына пайдалы. Ол ауаны тазартып тұрады. Бір ғана фикус гүлінің әр түрі бар. Оның бірі жарықты сүйсе, бірі жарықты қажет етпейді. Мақсаты: Бөлме гүлінің пайдасы жайында, олардың күтімі жайында айтып, түсіндіру. Гүлдерді жақсылап күтуге тәрбиелеу. Сұрақтар: - Фигус қандай гүл? - Олардың адамға қандай пайдасы бар? Тақпақ, жұмбақтар, мақал-мәтелдер: Апай екті алаңға, Фигусты жұпар өсетін. Фигус ұнап маған да Жасыл әлем жасасын. Қимылды ойын: №8«Орамал тастамақ» Ережесі: Әуенмен балалар дөңгеленіп отырады. Сол кезде бір бала ортаға шығып орамалмен әндетіп жүреді. Әуен тоқтағанда ойын бастаушы ортада тоқтап қалуы керек. Сол кезде екі бала жүгіріп келіп, оны алып үлгеруі тиіс. Орамалға кім бірінші келеді,	Ойыншықтар әлеміне бақылау - Балалар, бүгін біз сендермен ойыншықтар әлеміне саяхатқа келдік. Барлық балалар өздеріне ұнаған ойыншықтармен ойнап, соларға ат қояды. Өздері ойыншық сатушы, бірі алушы болып ойнайды. Ойыншықтардысендер үшін жасайтын зауыттар болады. Сондықтан ойыншықтармен сындырмай, ұқыпты болып ойнау керек. Мақсаты: Балаларды ұқыптылыққа, жинақылыққа баулу. Ойыншықта әлемінде сатушы мен сатып алушының арсындағы қарым-қатынас арқылы әдептілікке баулу. Сұрақтар: - Балалар ойыншықтар сендерге ұнады ма? - Дүкенші қандай болуы тиіс? - Сендердің ең жақсы көретін ойыншықтарың қандай, аты қалай аталады? Тақпақ, жұмбақтар, мақал-мәтелдер:	Ертегілер еліне бақылау Балалар, бүгін біз сендермен «Ертегілер еліне» саяхатқа шығамыз. Ертегі деген - адамның қиялынан шығып, шындыққа айналса деген арманынан пайда болатын дүние. Ертегіден адамдар нағыз ержүрек, батыр, қорқақ, жаман іс-әрекет, жақсылық, зұлымдық пен адалдықты көреміз. Ертегілер әруақытта тек жақсылықпен аяқталады. Мақсаты: Бала қиялының дамуына себепкер болу. Белгіленген тақырыптағы ертегіні көрсете отырып, оның бойында жақсы қасиеттерді қалыптастыру. Ертегіге терең бойлай отырып елестетуге, сезінуге, өзін-өзі бағалай алуға, жақсылыққа ұмтылуға тәрбиелеу. Шындық пен қиялды ажырата алуға дағдыландыру. Сұрақтар:	Дәрігердің қызметіне бақылау Балаларды медбикенің бөлмесіне апарып, оның қызметімен таныстырады. Адамдар сырқаттанып қалса міндетті түрде дәрігерге қаралуы тиіс. «Басты байлық денсаулық». Денсаулықты үнемі күту қажеттігін естен шығармауымыз керек. Ауа райының, жыл мезгілінің, уақыттың қандай екендігіне қарамастан дәрігерлер адамдарға үнемі көмекке келеді. Мақсаты: Мамандықтарды еске түсіре отырып, дәрігердің атқаратын қызметіне тоқталу. Оның адамдарға үнемі көмектесетіндігін естен шығармау. Оған құрметпен қарауға баулу. Сұрақтар: - Дәрігерлер адамға қалай көмектеседі? - Дәрігердің атқаратын қызметі қандай? Тақпақ, жұмбақтар, мақал-мәтелдер: «Дәрігер» Іш ауырса, тіс ауырса, Мамам дәрі береді. Барлық бала, барлық дана,

	дегенде бір бала ортаға келеді, «Ізде!» деп әндеткенде әркім өзінің жұбын іздеп орнына тұруы керек. Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке үйрету. Еңбек тәрбиесі Аланды тазарту, үлкендерге көмектесу. Мақал-мәтел: «Ердің атын еңбек шығарар». Мақсаты: Балалардың еңбекке деген құлшынысын ояту. Қорытынды: «Біз не білдік?»	сол бала жеңімпаз атанып, ойынды ары қарай жалғастырады. Мақсаты: Балаларды әуенмен жүруге, дәлдеп орамалды екі жаққа қоюға, ептілікке тәрбиелеу. Қорытынды: «Біз не білдік?» Гүлдердің адам ағзасына пайдасын.	Біздерде бар қуыршақ, Бұзау, қозы, құлыншақ. Ойыншықтар тыңдайды, Әмір беріп бұйырсақ. Еңбек тәрбиесі: Топ гүлдеріне су құю. Жапырақтарын тазарту. Мақал-мәтел: «Жақсы бала – елдің ырысы». Мақсаты: Балалардың еңбекке деген құлшынысын ояту.	- Ертегі дегенді қалай түсінесіңдер? - Қандай ертегіні ұнатасыңдар? Тақпақ, жұмбақтар, мақал-мәтелдер: Нан қоқымын шашпандар, Жерде жатса баспандар. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастандар. «Күн мен түн» Мақсаты: Тез шешім қабылдай алуға, жылдамдыққа, ептілікке, сыйластыққа үйрету.	Оны жақсы көреді. «Бағдаршам» қимылды ойыны Ережесі: Балалар шеңберде тұрады. Бір бала бағдаршам. Ол қызыл түсті көтергенде бір адым артқа, сары түсті көтергенде орындарында тапжылмай тұрады, жасыл түсте бір адым алға жылжиды. Мақсаты: Елестету арқылы баланың өз бетінше бейнелей алуға үйрету. Қорытынды: «Біз не білдік?» Дәрігердің қызметі қиын, ол барлық адамдарға көмектеседі.
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, жаңылтпаштар, санау және т. б. (көркем, тәуелсіз ойын әрекеті)				
Балалармен жеке жұмыс	Алиханға дұрыс дыбыстауды қалыптастыруға жұмыс жасау.	Раянаға дұрыс дыбыстауды қалыптастыруға жұмыс жасау.	Көркемге 5-ке дейін кері қарай санауды бекіту. Геометриялық пішіндерді дұрыс атап, ажырата білуге үйрету	Асылымға «Ойыншықтар» өлеңін тыңдату	Айаруғатуралы білімін жетілдіру
Балалардың өзіндік қызметі	Пазлдар жинау	Шашки ойнау	Кітаптар қарау	Пазлдар жинау	Ертегі кітаптар қарау
Балалардың үйге қайтуы	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.				

Тәрбиеші: А.Ш.Берденова

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №131 ЖОББМ

Мектепалды 0 «Ә» сыныбы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2-апта 12 -16 -12 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 12.12	Сейсенбі 13.12	Сәрсенбі 14.12	Бейсенбі 15.12	Жұма 16
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі филтр, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет).				
Ата-аналармен әңгімеселу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көру туралы кеңес беру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындар,бейнелеу әрекеті ,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үстел үсті, саусақ және т.б.ойындар.	Құрылыс ойындары	«Мен спортшымын».Фотосуреттер бейнеленген Суреттерді қарау	Өз беттерінше сурет салу «Менің сүйікті спортым»	
Таңертеңгі жаттығу	1. Аяқты алшақ ұстау; 1-2- қолды жан-жаққа көтеріп, шапалақтау (3-4) жәй қолды төмен түсіру, дем шығару. 2. «Насос»- н. қ - аяқты алшақ ұстау; 1-2 оңға қарай бұрылу, қол жоғарыда, дем шығару 3-4 а. қ келу дем алу 6 рет қайталау. 3. А. қ қол белдің артында 1-оң аяқты созу, аяқтың ұшын алға ұстау, 2- сол аяқпен 3- отыру, тізені ашу. 4- а. қ 6-8 рет қайталау. 4. Тіземен отыру, қолды денеге жабыстыра ұстау; 1-2 арқаны бүкпей артқа иілу; 3- 4 н. қ 8 рет қайталау. 5. «Қайшылар» н. қ- отыру, аяқты ашу, жабу, қол артта. Аяқты жоғары көтеру, төмен түсіру 8 рет қайталау				
Ұйымдастырылған қызметке дайындық (ҰҚ)	Балалар әсер алу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылау, қызығушылық бойынша қызмет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т.б. үшін жиналады. Балалар тәрбиешіге қоршаған ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен қызмет, кезекшілік)				
	Артикуляциялық жаттығулар: Балықтар Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,	Ойын: «Жоғарыда– төменде, биік-аласа» Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру	«Тіс щеткасымен ойын» жаттығу. Мақсаты: балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол	Саусақтарға арналған гимнастикалық жаттығулар: Қысқыштармен ойнالاتын ойын	

	Үп-үлкен ағаш жағада жатты, Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп Екіншісі «Жок, бұл жер терең»- деді, Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп, Ал төртіншісі тоңа бастады, Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады, -Жүзіндер мына жерден, Әйтпесе жұтып қояды!		белсендігін, икемділігін арттырады.	Мақсаты: Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді.	
Ұйымдастырылған қызмет	<u>1.Сауат ашу негіздері</u> Міндеті: -сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Д.Ойын: «Суретте нені көріп тұрсың? Мақсаты: Суреттегі затты атау,дыбыстық ретін анықтау <u>Сурет салу</u> «Қандай дыбыс» Мақсаты: Естігендыбысындағы заттың суретін салу <u>2.Сөйлеуді дамыту</u> Міндеті:-Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.	<u>1.Математика негіздері</u> Міндеті: Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. Д\О:«Үзбей сыз» Мақсаты: қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. <u>2.Қазақ тілі</u> Міндеті: -қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. «Қ дыбысы» Мақсаты:«Қ» дыбысының дұрыс дыбысталуын, ойын	<u>1.Сауат ашу негіздері</u> Міндеті: - Сөйлемді ауызша талдау: Д.ойын: Сөз сызбасымен сөйлем құра Мақсаты.Сөз сызбасы арқылы ауызша сөйлем құрастыру «Сөз қос» Ойынның мақсаты: сөзге сөз қосып,сөйлем құрастырту арқылы баланың зейінін,шапшаң ойлауын дамыту. <u>2.Математика негіздері</u> Міндеті: Беттестіру, тұтастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру «Әдемі кілемшелер» Ойынның мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу	<u>1.Сауат ашу негіздері</u> Міндеті: - Сөйлемді ауызша талдау: «Сөйлемді айтуға көмектес» Ойынның мақсаты:Сөздерді толық әрі дұрыс айтуға үйрету. «Сиқырлы қалта» Ойынның мақсаты: Диалогтік сөйлеуде сөздерді дұрыс, анық айтуға, сұраулы сөйлемдерді дауыс интонациясын сақтап, дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөйлем қарқынын өзгерте білуге үйрету(мысалы: ақырын сөйлеу) <u>2. Қоршаған ортамен таныстыру</u> Міндеті: жалған сөйлемеуге, өзінің	

	«Айгүлге серуенге бару үшін не жетіспейді?» Ойынның мақсаты: Жыл мезгілдеріне сай киімдерді ажырата білуге үйрету. <u>3. Қоршаған ортамен таныстыру</u> Міндеті: - Айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге үйрету Д/О «Жақсы мен жаман» Мақсаты: Айналасындағыларға көмек беруге үйрету <u>4.Дене шынықтыру</u> Міндеті: - Гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу; 1.Этафеталық ойын Мақсаты: Өрмелеуге үйрету	арқылы ойлау қабілетін дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу. «Суретте не көрдің?» Мақсаты:Суреттегі заттардың дыбыстарын айту. <u>3.Көркем әдебиет</u> Міндеті: -сөз өнеріне баулу Сұрамақ жаттау «Түлкішек» Мақсаты: Сұрамақтағы диалог арқылы сөз өнеріне баулу <u>Мүсіндеу</u> Түлкіні мүсіндеу <u>4. Музыка</u> Міндеті -шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату; -қолмен музыка бағытын (жоғары-төмен) көрсете отырып, әуеннің жоғарғы- төменгі қозғалысын ажырату, әнмен шеңберді айналып жүру; -ойын арқылы балаларды ұйымшылдыққа баулу.	<u>Құрастыру</u> Әдемі кілемшелер құрастыру <u>3.Сөйлеуді дамыту</u> Міндеті:-Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Д/О: «Сипаттамасы бойынша таны» Ойынның мақсаты: Ұзын-қысқа,кең-тар,биік-аласа ұғымдарын бекіту. <u>4.Дене шынықтыру</u> Міндеті: -Бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту 1.Этафеталық ойын Мақсаты: Еңбектеуге үйрету	педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу. Ойын. «Қызық оқиға» Мақсаты: Балалардың қиялын дамыту,үлкендермен кішіні сыйлауға тәрбиелеу <u>3. Музыка</u> Міндеті -музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту; -әннің сипатын қабылдау дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру; -әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе кішігірім топпен ойнау. <u>4.Қазақ тілі</u> Міндеті: - Фонематикалық естуді дамыту Д/О «Бұл қай кезде болады?» Ойынның мақсаты: жыл мезгілдері және табиғат құбылыстары туралы түсініктерін арттыру	
--	---	---	--	--	--

Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Жүйелі киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) - Сөйлеуді дамыту - Көркем әдебиет - Дене шынықтыру - Қоршаған ортамен таныстыру				
Серуен	Табиғи материалдар және оның қасиеті, шыныға бақылау Шынының жасалуына мән береміз. Оны жасау үшін құм, түрлі заттар қажет. Шыны морт сыныш зат, бірақ, шыныдан мықты етіп жасалған үйлер, қабырғалар бар. Адамдар шынының жасалу технологиясын жақсы меңгергеннен кейін одан әртүрлі бұйымдар жасауды үйренді. Хрусталь шынының ең қымбат түрі. Мақсаты: Табиғи материалдар туралы және оның қасиеті жайлы білім беру. Сұрақтар: - Шыны қандай зат? - Шыныны адам не үшін қолданады? Жаңылтпаш Әйнекті әйнектен жасайды, Әйнектен шыны кесе мен шәйнек жасайды.	Суға бақылау Балалардың алдына екі ыдыс қоямыз. Бірінің ішінде су, ал екіншісінің ішінде сүт. Екі ыдысқа да қасық салады, бақылайды. Суға салынған қасық көрінеді, ал сүттегі қасық көрінбейді. Себебі, су мөлдір, иісі түсі жоқ. Ал сүт ақ түсті, өзіне тән иісі, дәмі бар. Мақсаты: Су және оның маңыздылығы туралы мәлімет беру. Оның қасиеттері мен ерекшеліктері туралы білімдерін толықтыру. Суды үнемдеуге, құндылығын бағалауға тәрбиелеу. Сұрақтар: - Судың түсті қандай болады? - Қандай пайдасы бар? - Судың иісі, дәмі бар ма? Тақпақ, жұмбақтар, мақал-мәтелдер: а) Аузы жоқ күледі, сыңғырлайды, онсыз	Үй құстарының бірі – тауыққабақылау Тауық үй құстарының бірі. Тауықтың етін, сорпасын, жұмыртқасын адамар тағам ретінде көп пайдаланады. Оның құрамында дәрумендер көп. Тауықтың баласын – балапан дейді. Ол кішкентайында сары үрпек, нәзік болады. Тауық тары, жем – шөпті жақсы көреді. Мақсаты: Үй құстарының тіршілігі туралы түсініктерін дамыту. Тауық туралы мәлімет беру. Құстардың ұқсастығы мен айырмашылығы туралы түсіндіру. Үй құстарына деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Сұрақтар: - Тауықтың пайдасы қандай? - Балапаны қандай болады? - Тауықты неге үй құстарына жатқызады? Такпак, жұмбақтар, мақал-мәтелдер: Басында айдары, иегінде сақалы бар. Ол не? (әтеш) «Сымсыз телефон» Мақсаты: Ептілікке, шыдамдылыққа, зейінін қалыптастыруға үйрету, есту қабілетін дамыту.	ҚР Рәміздеріне бақылау Балаларға ҚР Рәміздерін көрсете отырып, олар жайлы айтып беру. Рәміздерге - Ту, Елтаңба, Әнұран жатады. Әрқайсысы біздің еліміз жайлы айтып тұр. Елтаңбада қазақтың барлық өмір салтын бейнелейтін бейнелер, Әнұранда тәуелсіз елдің арманы мен тілегі айтыса, Тудың түсі бостандық пен бейбітшілікті көрсететін аспан түсі мен қыран құс, күн бар. Бұларды қадірлеу әрбір азаматтың борышы. Мақсаты: Бала қиялының дамуына себепкер болу. Еліміздің қасиетті белгілері жайында айтып түсіндіру. Бала бойына Отансүйгіштік қасиетті дарыту. Есте сақтай алуға жағдай жасау. Сұрақтар:	

	Кесе мен шәйнектен шәй ішеді Айбек. Қорытынды: «Біз не білдік?»	бірақ жер бетіне тіршілік жоқ. Ол не? (су) ә) Жылт-жылт еткен, жылғадан өткен. Ол не? (су) Қорытынды: «Біз не білдік?» Судың адамдар үшін пайдасын білдік. Оны үнемдеп ұстау қажет. Сусыз тіршілік жоқ. Судың түсі, иісі, дәмі болмайды, ол мөлдір болады.	Қорытынды: «Біз не білдік?» Тауық үй құстарына жатады. Ол тарыны, бидайды жақсы көреді.	- ҚР Рәміздеріне не жатады? - Олардың қандай бейнелер көріп тұрсыңдар? Тақпақ, жұмбақтар, мақал-мәтелдер: «Тату тәтті отбасы» Мақсаты: Тез шешім қабылдай алуға, жылдамдыққа, ептілікке, сыйластыққа үйрету	
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, жаңылтпаштар, санау және т. б. (көркем, тәуелсіз ойын әрекеті)				
Балалармен жеке жұмыс	Балаларға өз отбасыларының дәстүрлері туралы сюжет салуды ұсынады Көркем	Қандай геометриялық фигураларды білесің? Қағаз үлгі дегеніміз не? Алихан	Сөйлемдерді интонация бойынша ажырата отырып (хабарлы,сұраулы, лепті), сөйлеу барысында қолдану Ақарыс	Үй жануарлары тіршілігі үшін қажетті жағдайларды атап бер?Бекарыс	
Балалардың өзіндік қызметі	Пазлдар құрастыру	Мозайкалар жинау	Үстел үсті, саусақ және т.б.ойындар.	Құрылыс ойындары	
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы туралы.				

Тәрбиеші: А.Ш Берденова

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №131 ЖОББМ

Мектепалды 0 «Ә» сыныбы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 3-апта 19 -23 желтоқсан 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 19.12	Сейсенбі 20.12	Сәрсенбі 21.12	Бейсенбі 22.12	Жұма 23.12
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі филтр, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет).				
Ата-аналармен әңгімеселу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындар,бейнелеу әрекеті ,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Шаттық шеңбері «Кел,танысайық!»	«Менің топтағы достарым»достарының суретін салу	«Жел соғып тұр» Мақсаты: Кез – келген жағдайларда қатты немесе ақырын дауысты қолдана білуді дамыту	«Кел, ойнайық!» Мақсаты: Қатты дауысты пайдалана білуді шынықтыру	«Қатты – ақырын» Мақсаты: Дауыс күшін алмастыра білуге үйрету: біресе қатты, біресе жай.
Таңертеңгі жаттығу	1. Аяқты алшақ ұстау; 1-2- қолды жан-жаққа көтеріп, шапалақтау (3-4) жәй қолды төмен түсіру, дем шығару. 2. «Доп»- н. қ - аяқты алшақ ұстау; 1-2 оңға қарай бұрылу, қол жоғарыда, дем шығару 3-4 а. қ келу дем алу 6 рет қайталау. 3. Қол белдің артында 1-оң аяқты созу, аяқтың ұшын алға ұстау, 2- сол аяқпен 3- отыру, тізені ашу. 4- а. қ 6-8 рет қайталау. 4. Тіземен отыру, қолды денеге жабыстыра ұстау; 1-2 арқаны бүкпей артқа иілу; 3- 4 н. қ 8 рет қайталау. 5. «Қайшылар» н. қ- отыру, аяқты ашу, жабу, қол артта. Аяқты жоғары көтеру, төмен түсіру 8 рет қайталау				
Ұйымдастырылған қызметке дайындық (ҰҚ)	Балалар әсер алу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылау, қызығушылық бойынша қызмет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т.б. үшін жиналады. Балалар тәрбиешіге қоршаған ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен қызмет, кезекшілік)				
		Ойын: «Қандай белгі екенін тап?» Мақсаты: Жол белгілерін ажырата білуге, балалардың жолда жүру	Саусақ ойындары Ойын:« Қозылар» Мақсаты: саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған	Психологиялық ойын: Ойын:« Сәлемдесу» жаттығуы.	Дидактикалық ойын: «Даусынан таны» Шарты:Балалар көлік түрлерін дауысына қарай ажыратып, аттарын атап

		ережелері жайында білімдерін бекіту; күнделікті өмірде алған білімін өз бетінше қолдана алуға тәрбиелеу.	тарихты, тапқақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау. Тіл дамыту жаттығуы Мына қозы күні бойы құйрығын бұлғандатты, Ал мына қозы арқасын қоршауға сүйкеді, Мә-мә-мә-мә-мә-мә-мә, Қозыларды мен жақсы көрем, Мына қозы аяқтарымен жерді қопарды, Қопарды да өзі сурет салды, Мә -мә -мә -мә -мә -мә -мә, Қозыларды мен жақсы көрем, Мына қозы ортаға тұрам деп	Мақсаты: Бір-бірімен кездескенде амандасу мәдениетіне тәрбиелеу, жылдамдыққа баулу. Ойын шарты: Қазір біз сендермен ойын ойнаймыз, қимылды тез жасауларың керек. «Бастаймыз» деген белгі берілгенде, мен қалай амандасу керек екенін айтамын, сонда сендер бір-бірлеріңмен тез-тез амандасасыңдар. Әр адаммен әртүрлі амандасасыңдар. Сонымен, көзбен... қолмен... иықпен... құлақпен... тіземен... иекпен... өкшемен... арқамен.	карточкаларын орнына апарып салады. Дыбыстық жаттығу Дан-дан-дан-манадан, Дан-дан-дан-шанадан, Ем-ем-ем– мінгізем. Ем-ем-ем – жүргізем.
	<u>1.Сауат ашу негіздері</u> Міндеті: -сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Д.Ойын: «Суретте нені көріп тұрсың? Мақсаты: Суреттегі затты атау,дыбыстық ретін анықтау <u>Сурет салу</u> «Қандай дыбыс» Мақсаты: Естігендыбысындағы заттың суретін салу <u>2.Сөйлеуді дамыту</u> Міндеті:-Алуан түрлі заттарды сипаттауға,	<u>1.Математика негіздері</u> Міндеті: Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Д\О: «Тәулік бөліктері» Ойынның мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру білімді бекіту. Д\О«Апта күндері» Мақсаты: Апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету. <u>2.Қазақ тілі</u>	<u>1.Сауат ашу негіздері</u> Міндеті:-жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. Ойын «Сөйлем құра» Сөйлем сызбасы арқылы сөйлем құрау «Суретті штрихта» Мақсаты:Қол маторикасын дамыту <u>2.Математика негіздері</u> Міндеті: Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы	<u>1.Сауат ашу негіздері</u> Міндеті: -жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. Д\О: «Суреттер не дейді? Мақсаты: Суретке қарап сөйлем құрастыру <u>2. Қоршаған ортамен таныстыру</u> Міндеті: -- Қазақстан мемлекетінің	<u>1.Математика негіздері</u> Міндеті: -Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау.«Жыл атасы» дидактикалық ойыны № 11 Мақсаты: Балаларды жыл мезгілдері және айларымен таныстыру; 1-ден 3-ке дейінгі сандар қатары туралы алған білімдерін бекіту. «Суретші қай жерде қателесті?» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту,

«	қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. «Айгүлге серуенге бару үшін не жетіспейді?» Ойынның мақсаты: Жыл мезгілдеріне сай киімдерді ажырата білуге үйрету. <u>3. Қоршаған ортамен таныстыру</u> Міндеті: - Айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге үйрету Д/О «Жақсы мен жаман» Мақсаты: Айналасындағыларға көмек беруге үйрету <u>4.Дене шынықтыру</u> Міндеті: - Гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу; 1.Этафеталық ойын Мақсаты: Өрмелеуге үйрету	Міндеті: -Сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). <u>Д/О« Дыбыстық талдау жаса»</u> Мақсаты: Сөздегі дыбыстардың орнын анықтауға үйрету <u>Мүсіндеу</u> Қазақтың ұлттық ыдыстарын мүсіндеу <u>3.Көркем әдебиет</u> Міндеті: жаңылтпаш айтуға баулу «Жаңылтпаштар жаттау» Мақсаты: жаңылтпаш айтуға үйрету <u>4. Музыка</u> Міндеті -музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту; -әннің сипатын қабылдау дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру; -әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе кішігірім топпен ойнау.	білімді бекіту.«Керісінше айт» Мақсаты: Тәулік жөнінде түсініктерін кеңейту. Қарама-қарсы мағыналы сөздермен жауап бере білуге үйрету. <u>Кұрастыру</u> «Қай жыл мезгілі?»Мақсаты:Сурет қиындыларын құрастыра отырып қай мезгіл екенін табу <u>Кұрастыру</u> <u>3.Сөйлеуді дамыту</u> Міндеті: Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.«Сикырлы қалта» Ойынның мақсаты: Диалогтік сөйлеуде сөздерді дұрыс, анық айтуға, сұраулы сөйлемдерді дауыс интонациясын сақтап, дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөйлем қарқынын өзгерте білуге үйрету(мысалы: ақырын сөйлеу) <u>4.Дене шынықтыру</u> Міндеті: -Лақтыру, қағып алу, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол	рәміздеріне құрмет көрсету. «Рәміздер» әңгімелесу Мақсаты:Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету. «Сұрақ жауап» ойыны Мақсаты: Рәміздер туралы білімдерін бекіту <u>3. Музыка</u> Міндеті -әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау; -ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу, дауыс биіктіктерін ажыратып,үлкен шеңберден кіші шеңберге қайта тұру; -ойын арқылы балаларды әдептілікке тәрбиелеу. <u>4.Қазақ тілі</u> Міндеті: Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу «Менің отаным» өлеңін жаттау Мақсаты: тақпақтар жаттауға үйрету. «Санамақ»	суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету. <u>2.Көркем әдебиет</u> Міндеті:жаңылтпаш айтуға баулу, <u>3.Шығармашылық.</u> Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. (кұрастыру) Негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау (сурет салу) затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану (мүсіндеу) - Еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. (жапсыру) затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану (мүсіндеу) «Ұшақ» Мақсаты: дайын шаблонды қию, жапсыру, құрастыру, құрасытру <u>4.Дене шынықтыру</u> Міндеті:Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу; Ойын «добым добым домала»
---	---	--	---	--	--

			қолын алмастыру) қағып алу; «Қағып ал» Мақсаты:Допты қағып алуға үйрету	Мақсаты:Қол маторикасын дамыту.	Мақсаты: Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Жүйелі киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) - Сөйлеуді дамыту - Көркем әдебиет - Дене шынықтыру - Қоршаған ортамен таныстыру				
Серуен	Ауладағы ағаштарды бақылау Мақсаты : ағаштар туралы білімдерін молайту; ғаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру Бақылау барысы Көркем сөз «Қыс» Р.Сәбитұлы Қар жамылды бақтарым Қыратым да, сайым да. Тағыпты қыс ақ қарын, Үкі етіп қайыңға. Бүркеніп ақ желекті, Жарқырайды маңайым. Ойға шомып теректің, Ақ шалыпты самайын. Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:. Ағаштардың жазғы бейнесі қандай еді?? Күзде қандай болды? Қазіргі бейнесі Еңбек Жолды қардан тазалау. <i>Мақсаты:</i> аула караушыға көмектесу. Қимылды ойын: «Кім аққалаға бұрын жетеді?»	Қарды бақылау Табиғат құбылысынң бірі- қар. Қар тек қана қыс мезгілінде ғана жауады. Қардың түсі ақ, суық болады. Қалың жауған қарда шаңғы тебуге болады. Қар жауғанда жер беті аппақ көрпе жамылғандай әсер қалдырады. Қардан аққала жасаймыз. Алғашқы қар ақ ұлпа тәрізді жұмсақ, тез ерігіш келеді.. Мақсаты: Қар жайлы мәлімет беру. Есте сақтай алу қабілетін дамытып, сұраққа дұрыс, әрі толық жауап беруге дағдыландыру. Сұрақтар: - Қар қай мезгілде жауады? - Оның түсі қандай? - Қармен қандай ойын ойнауға болады? - Табиғатта үшін қандай пайдасы бар? Тақпақ, жұмбақтар, мақал-мәтелдер:	Маусымдық өзгерістерді бақылау Мақсаты: Қыс басындағы табиғаттағы өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру (күн қысқарады, түн ұзарады); Қыс мезгілінің басындағы қысқа тән белгілерді көре білу және өлең жолдарынан таба білу. Бақылау барысы: Көркемсөз Желтоқсан - қыстың алғашқы айы. Қоңыр бұлт астынан күн әлсіз сығалайды. Сондықтан да қысты «түнжыр қыс деп атайды». Күн қысқа, түн ұзақ, бұл айда күн көзі сирек көрінеді. Желтоқсанда түнде қатты аяз болады, өзендер мен көлдерде қалың мұз қатады. Балаларға сұрақтар: <i>желтоқсан айы қай айдан соң келеді?</i> <i>қараша айына қарағанда балабақша ауласында қандай өзгерістер болды?</i> Күз мезгілімен салыстырғанда адамдар киімінде қандай өзгерістер пайда болды? Біздің ауладан қыс белгілерін іздеп табындар?	Ауладағы ағаштарды бақылау Мақсаты : ағаштар туралы білімдерін молайту; ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру Бақылау барысы Көркем сөз «Қыс» Р.Сәбитұлы Қар жамылды бақтарым Қыратым да, сайым да. Тағыпты қыс ақ қарын, Үкі етіп қайыңға. Бүркеніп ақ желекті, Жарқырайды маңайым. Ойға шомып теректің, Ақ шалыпты самайын. Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:. Ағаштардың жазғы бейнесі қандай еді?? Күзде қандай болды? Қазіргі бейнесі қандай? Кімнің есінде, ағаштар жапырағын неге түсіреді? Зерттеу жұмысы Алма ағашы мен қайың ағашының қысқы тұрқын салыстыру Еңбек Жолды қардан тазалау. <i>Мақсаты:</i> аула караушыға көмектесу.	Аула тазалаушы еңбегін бақылау Мақсаты: Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру; Сөздік қорларын байыту; Үлкендер еңбегіне деген сүйіспеншілік және құмет сезіміне тәрбиелеу; Табиғатқа және айнала қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:. Аула тазалаушы қыста балабақша ауласында не істейді? Жұмыс үшін ол қандай құралдарды пайдаланады? Ағаштарды аяздан қорғау үшін ол не істейді? Аула тазалаушы жұмысы адамдар және табиғат үшін керек пе? Еңбек Қуыршақ үшін қардан құрлыс тұрғызу. <i>Мақсаты:</i>

	<i>Мақсаты: доға астынан еңбектеп өту дағдыларын жетілдіру.</i> Жаттығу ойындары Секіру <i>Мақсаты: орнында тұрып секіру техникасын меңгерулерін жетілдіру</i> Халық болжамы. Ағашты қырау басса аяз болады, тұман түссе күн жылынады	Қыс түсіпті алақай, Сол шанамен құйғытып, Қар жауып тұр далада. Жеткен Аяз Атамыз. Жүр ойнайық балақай, Біздер одан сый күтіп, Отырып ап шанаға. Күліп-ойнап жатамыз. Қорытынды: «Біз не білдік?» Қар қыс мезгілінде жауады. Алғашқы қар өте жұмсақ, тез ерігіш келеді. Қарда балалар шаңғы тебеді, шанамен ойнайды. «Кетті, кетті орамал» Мақсаты: Ептілікке, жылдамдыққа, дәлдікке үйрету. Зейінін дамытып, шапшаңдыққа баулу.	Еңбек Ағаштар түбін қармен көму.. <i>Мақсаты: тірі табиғатқа деген көмек көрсету ықыласын арттыруға тәрбиелеу..</i> Қимылды ойындар: Қар лақтырып ойнау <i>Мақсаты: затты лақтыру дағдыларын бекіту. Бір аяқпен секіру.</i> <i>Мақсаты: тепе-теңдікті сақтауға баулу.</i> Жаттығу ойындары: Қозғалыстарын дамыту. <i>Мақсаты: тепе-теңдікті сақтап қозғалыс жасағанда өз-өзін сақтандыруға үйрету.</i>	Қимылды ойын: «Кім аққалаға бұрын жетеді?» <i>Мақсаты: доға астынан еңбектеп өту дағдыларын жетілдіру.</i> Жаттығу ойындары Секіру <i>Мақсаты: орнында тұрып секіру техникасын меңгерулерін жетілдіру</i> Халық болжамы. Ағашты қырау басса аяз болады, тұман түссе күн жылынады	бірлесе жұмыс істеуге үйрету; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимылды ойын «Екі аяз» <i>Мақсаты жүкіруге жаттықтыру;</i> — Ойын ережесін сақтай білулерін тиянақтау Жаттығу ойындары Шаңғымен жүру. <i>Мақсаты : шаңғымен жүруге жаттықтыру, ептіліктерін, шыдамдылықтарын дамыту.</i>
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, жаңылтпаштар, санау және т. б. (көркем, тәуелсіз ойын әрекеті)				
Балалармен жеке жұмыс	Қайшымен жұмыс жасау Көркем	Асылым Сөздік қор	Ақарыс Дыбыстарды ажырату	Нұрәлі Дыбыстарды ажырату	Айзере Қанша? нешеу? ұғымдарын қалыптастыру
Балалардың өзіндік қызметі	Пазлдар жинау	Құрылыс ойындары	Үстел үсті, саусақ және т.б. ойындар.	Өздерінің қалаған кітаптарын қарау	Сурет салу. «Мен кім боламын»
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.				

Тәрбиеші: А.Ш Берденова

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №131 ЖОББМ

Мектепалды 0 «Ә» сыныбы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 4-апта 26-30 желтоқсан 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 26.12	Сейсенбі 27.12	Сәрсенбі 28.12	Бейсенбі 29.12	Жұма 30.12
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі фильтр, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет).				
Ата-аналармен әңгімеселу, кеңес беру	Ата-анаға кеңес: Балалардың қол моторикасының дамуына үйде қайшымен қағаздардан түрлі заттардың сұлбасын қиып, айшымен жұмысты көбірек пайдалану туралы кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындар, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Сөйлеп тұрған таңғы Радио» Мақсаты: сурақтарға толық жауап беруге үйрету.	Үстел үсті ойыны: «Өлі табиғат құбылыстары» тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.	Ойын– жаттығу: «Туған жер табиғатын қорғау керек пе, әлде жоқ па?» әңгімелесу, сұрақ жауап	Д/о :«Жанды және жансыз табиғатты ажырат». Жер, су, ауа. Мақсаты: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, ауада, суда не болатынын дұрыс айтуға төселдіру. Қоршаған ортаға қамқорлық сезімін тәрбиелеу. Шапшаң жауап беруге баулу.	«Сиқырлы фломастер» еркін сурет салу. Д/О:«Не артық?» Мақсаты: Балаларды суретке қарап, оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. «Табиғат мінезі» жаттығуы
Таңертеңгі жаттығу	1. Аяқты алшақ ұстау; 1-2- қолды жан-жаққа көтеріп, шапалақтау (3-4) жәй қолды төмен түсіру, дем шығару. 2. «Насос»- н. қ - аяқты алшақ ұстау; 1-2 оңға қарай бұрылу, қол жоғарыда, дем шығару 3-4 а. қ келу дем алу 6 рет қайталау. 3. А. қ қол белдің артында 1-оң аяқты созу, аяқтың ұшын алға ұстау, 2- сол аяқпен 3- отыру, тізені ашу. 4- а. қ 6-8 рет қайталау. 4. Тіземен отыру, қолды денеге жабыстыра ұстау; 1-2 арқаны бүкпей артқа иілу; 3- 4 н. қ 8 рет қайталау. 5. «Қайшылар» н. қ- отыру, аяқты ашу, жабу, қол артта. Аяқты жоғары көтеру, төмен түсіру 8 рет қайталау.				
Ұйымдастырылған қызметке дайындық (ҰҚ)	Балалар әсер алу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылау, қызығушылық бойынша қызмет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т.б. үшін жиналады. Балалар тәрбиешіге қоршаған ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен қызмет, кезекшілік)				

	Фотосуреттер қарастыру:«Көлікте р» Мақсаты:Фотосуреттегі көліктердің түрлерімен таныстырып, олар қоршаған ортамен байланысты екенің түсіндіру.	Д/ойын: «Кері айт» Мақсаты:мағыналар ы қарама-қарсы сөздерді қолдана білу дағдыларын бекіту. Сөздік қорын молайту, тілін дамыту. Көліктер туралы суреттерді қарастыру, ерекшеліктеріне назар бөлу.	«Жолаушылар» Мақсаты: Балалардың көңілдірін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру.	Үстел- үсті ойын:«Пазлдарды құрастырамыз» Мақсаты:конструктормен,есептеу таяқшалармен өз еркімен құрастыру. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. Көліктер жайлы әңгімелесу.	Д/ойын:«Көліктерді ата» Мақсаты:балаларды арнайы көліктермен таныстырып, қоршаған ортаға, адамдарға немен керек екенің түсіндіру.
Ұйымдастырылған қызмет	<u>1.Сауат ашу негіздері</u> Міндеті: -жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.«Мен жақсы сөйлеймін» Мақсаты: балалардың байланыстырып сөйлеу тілін, сөзік қорын дамыту, өз ойын еркін жеткізуге үйрету. Р, Л, Ш дыбыстарын сөйлемде бекіту. «Сөйлемді толықтыр» Мақсаты: байланыстырып сөйлеу тілін, сөздік қорын, ойлау қабілетін дамыту. <u>2.Сөйлеуді дамыту</u> Міндеті: -Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу	<u>1.Математика негіздері</u> Міндеті: -Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау. 1.«Жыл атасы» дидактикалық ойыны 2.«Бұл қай кезде болады?» Ойынның мақсаты: жыл мезгілдері және табиғат құбылыстары туралы түсініктерін арттыру <u>2.Қазақ тілі</u> Міндеті: Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу «Суретті жұмбақтар» Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту.	<u>1.Сауат ашу негіздері</u> Міндеті: Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. «Балық аулайық» Мақсаты: берілген суреттерді атап, сөйлем құрауға үйрету. <u>2.Математика негіздері</u> Міндеті: -Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау «Бұл қай кезде болады?» Ойынның мақсаты: Балалармен тәулік	<u>1.Сауат ашу негіздері</u> Міндеті: Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. «Кім көп сөз біледі?» Мақсаты: балалардың сөздік қорын молайту, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Д/О «Нүктелер арқылы сурет сал» <u>2. Қоршаған ортамен таныстыру</u> Міндеті: - Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. «Менің Отаным» өлеңін жаттау <u>Мүсіндеу</u>	<u>1.Математика негіздері</u> Міндеті: -Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау 1.«Ретімен қой» 2. «Не дұрыс емес» Мақсаты: оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтауға үйрету <u>2.Көркем әдебиет</u> Міндеті: жұмбақ шешуге баулу «Жұмбақтар әлеміне саяхат» Мақсаты.Әр түрлі жұмбақтар шешу арқылы балалардың ой қиялын дамыту <u>3.Шығармашылық.</u> Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру. (құрастыру) Негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау (сурет салу)

	<u>Сурет салу</u> «Үй жиһаздары» Мақаты: үй жиһаздарының атауын білу «Көпір» Мақсаты: сөздік қорын, логикалық ойлауын дамыту, байланыстырып сөйлем құрауға үйрету. <u>3. Қоршаған ортамен таныстыру</u> Міндеті: - Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. «Менің Қазақстаным» Мақсаты:Қазақстан отаны туралы түсініктерін кеңейту <u>4.Дене шынықтыру</u> Міндеті: -Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу; Эстафеталық ойын. Мақсаты: Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату,	«Санамақ» Мақсаты: Санамақты ретімен айтуға дағдыландыру «Қыс» өлеңін оқу <u>3.Көркем әдебиет</u> Міндеті: жұмбақ шешуге баулу «Жиһаздар» Мақсаты: Жиһаздар жайлы жұмбақтар шешу <u>4. Музыка</u> Міндеті -әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау; -ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу, дауыс биіктіктерін ажыратып,үлкен шеңберден кіші шеңберге қайта тұру; -ойын арқылы балаларды әдептілікке тәрбиелеу.	бөліктерін бекіту (таңертең,күндіз,кеш,түн) <u>Жапсыру</u> «Сенің бір күнің» Мақсаты: Тәулік бөліктеріне қарай суреттерді ретімен жапсыру <u>3.Сөйлеуді дамыту</u> Міндеті: - Өңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. «Әңгіме ойлаймыз» Мақсаты: байланыстырып сөйлеу тілін, зейінін дамыту. «Күн мен түн» Мақсаты: жаңа сөздерді бекіту, есте сақтау қабілетін және көріп қабылдау қабілетін дамыту. <u>4.Дене шынықтыру</u> Міндеті: Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру. Қ/О: «Өз жұбыңды тап Мақсаты: Жұбымен шеңбер бойымен жүру.	«Бәйтерек» ғимаратын мүсіндеу <u>3. Музыка</u> <u>Міндеті</u> -әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау; -ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу, дауыс биіктіктерін ажыратып,үлкен шеңберден кіші шеңберге қайта тұру; -ойын арқылы балаларды әдептілікке тәрбиелеу. <u>4.Қазақ тілі</u> Міндеті: Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.	затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану (мүсіндеу) - Еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. (жапсыру) затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану (мүсіндеу) «Шырша» Мақсаты: шыршаның шаблонын қиып, жапсырып, құрастыру, суретін салу <u>4.Дене шынықтыру</u> Міндеті: Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру. «Музыкалық жаттығулар» Мақсаты: Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіруге үйрету
--	--	--	--	---	---

Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Жүйелі киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) - Сөйлеуді дамыту - Көркем әдебиет - Дене шынықтыру - Қоршаған ортамен таныстыру				
